

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Есқараева Гүлдана***guldi_guldi_96@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қ-23, 2 курс, мамандық «Қаржы»

Ғылыми жетекшісі – Нурбаева А.Т.

Жастар – бұл мемлекеттің болашағы, ертеңі. Біздің өмір сүріп отырған ғасырымыз ғылым ғасыры екені белгілі. Осыған байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болашақ білімді, білікті, бәсекеге қабілетті жастарды дайындау жөніндегі стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі мәселелерді баса айтты. Әлемдік жаһандану, экономикалық дағдарыс, ғылым мен техникалық прогресс ХХІ ғасырдың басты терминдеріне айналды. Баршамызға белгілі ғылым мен техникалық прогресс - ай сайын емес, апта сайын әлемге өзіндік жаңашылдығымен, инновациялық жаңа жобалармен, ноу-хау технологиялық өзгерістерді алып келуімен ерекшеленуде. Кез келген технологиялық өзгеріс қай мемлекеттің болмасын экономикалық дамуында белгілі бір деңгейде серпіліс алып келері сөзсіз. Ал ғылыми жаңашылдыққа ілесе алмаған мемлекет экономикалық дамуында қандай да бір қиыншылықтарға тап болатындығын әлемдік тәжірибе жиі-жиі көрсетуде.

Кез келген мемлекетте даму жолына бастайтын бір ден-бір құрал – ғалымдар, ғылыми зерттеу институттары, жетілдіру және зерттеу жұмыстары. Жоғарыда аталған инновациялық даму жолына түскен мемлекеттердің ғалымдарынан, тәуелсіз Қазақстан ғалымдарының ғылыми деңгейлері ешбір кем түспейді. Біздерде жетіспейтіні – қолдаудың жеткіліксіздігі, ғалымдардың жасаған ғылыми дүниелеріне мемлекет немесе өндіріс тарапынан сұраныстардың аздығы. Бүгінгі Қазақ елінің ғалымдары елімізге қажетті қарапайым дүниелерден бастап елдің атын әлемге танытатын брендтерді жасауға әрқашанда дайын.

Жалпы инновация күнде келетін жаңашыл идея болып табылады. Инновациялық ғылымдар қатарына экономика, химия, биология, медицина, техникалық және тағы басқа да салаларды жатқызып ортақ атаумен өндірістік ғылымдар деп атап, ғылыми қамтымды экономика құрған Қазақстан ғылымының әлеуетін одан сайын арттыра түсер еді. Бәсекеге қабілетті мемлекеттердің барлығы дерлік ұзақ мерзімді ғылыми даму жоспарларына стратегиялық маңыз беруде. Бүгінде Жапония мен Оңтүстік Корея секілді мемлекеттер роботтық техника мен мехатроника, машина жасау саласына ден қоюда. Түркия мен Қытай, Италия елдері жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуды мықтап қолға алған. Көршіміз Ресей мен Солтүстік Корея елдері қорғаныс саласына көп көңіл бөлуде. Қару-жарақтары мен авиациясын, жойқын қару түрлерін инновациялық жолдармен дамытуда. Бұл тұрғыдан біз де қарап қалмауымыз керек.

Ғылым саласын республикалық бюджеттен қаржыландыру төмендегідей көрсеткіштерді камтиды: 2010 жылы 20 млрд. теңгені құраса; 2012 жылы бұл көрсеткіш 48 млрд. теңге; 2013 жылы бұл көрсеткіш 52,8 млрд. теңгені құрады. 2014 жылы - 145,9 млрд. теңге; 2015 жылы - 140,4 млрд. теңгені құрап отыр. Қазақстанда 400-ден аса ғылыми мекемелер бар, олардың 95 – мемлекеттік ғылыми институттар, 121 жоғарғы кәсіби білім беру мекемелері, қалғандары кәсіпкерлік саласы бойынша және коммерциялық емес ұйымдар. Елімізде шамамен 18,0 мыңға жуық адам ғылыми жұмыстармен және ізденістермен айналысады. Осыған байланысты Ехро - 2017 еліміздің инновациялық дамуына үлкен серпіліс беріп, Қазақстандық ғылымды жаңа жоғары деңгейге шығарары сөзсіз. Соңғы 3 жылдың ішінде ғылымға 3000 мың жас мамандар тартылған, олардың көпшілігі отандық ЖОО-ң магистрлары мен PhD докторлары. 3000 жуық жастар «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің 32 елінде білім алуда.

Қазіргі кезде біздің елімізде көптеген инновациялық жобалаар конкурстары өтуде. Оған Қазақстанның әр түкпірінен көптеген жастар ат салысып қатысуда. Конкурстардың біріне инновациялық 184 жоба ұсынылды. Конкурстық іріктеу нәтижесі бойынша 66 инновациялық жоба іріктеліп алынды, жеңімпаздарға инновациялық жобалар тұжырымдамасының негіздемесін әзірлеу бойынша қызметтер ұсынылады. Яғни, қазіргі кезде инновациялық жобаларды іске асыруға мемлекет тарапынан көптеген қолдау көрсетілуде. Солардың бірі жас маманның жаңалығы. Қондырғыны пайдалану жолында автор 5 жыл еңбектенген. Генератор серпілісті электр тогына айналдырады. Бұл қондырғы ірі мұнай компаниялары үшін тиімді. Аталған генераторға Сауд Арабиясының мұнай компаниясы қызығушылық танытқан. Ол бастапқы тәжірибелік нұсқасын әзірлеуге шамамен 3 мың АҚШ доллары қажет дейді. Жобаға қатысушылардың барлығы заманауи кәсіпкерліктің барлық қыр-сырымен таныстыратын арнайы тренингтерден өтеді. Жас қатысушылардың жобаларының басым бөлігі елдегі өндіріс пен шаруашылықтарды дамытуға бағытталған. Жоба ұсынушылар құрылыс, өндіріс, темір жол саласын жандандыруға арналған құрылғылар ойлап тапқан. Соның ішінде сымсыз электр қуатын тарататын мұнара макеті де бар.

Жастардың инновацияны дамытуға деген қызығушылығы, ынтасы кәсіпорындарға оң әсерін тигізеді. Қазақстандық кәсіпорындардағы инновациялық белсенділікті арттырудағы артықшылықтарына республикада мол табиғи ресурстардың болуы; университеттер, академиялық институттар мен басқа да ғылыми мекемелердің дамыған желісі; инновация саласындағы белсенді мемлекеттік қолдау саясаты; шикізат ресурстарына қолы жетімсіз бизнес-элитаның күшеюі жатады. **Ал кемшіліктеріне** әлсіз инновациялық тәуекел-менеджменттегі, маркетингтегі жоғары тәуекел деңгейі; инновациялық қызметпен айналысатын мамандардың төмен үлес салмағы; шағын венчурлық бизнестің дамымағандығы; отандық өндірушілердің төмен инновациялық қабылдағыштығы (восприимчивость); отандық ғылыми жасаулардың төмен бәсекеге қабілеттілігі мен шетелдік ескі технологиялар мен жабдықтарды сатып алуы, шектеулі қаржылық және материалдық мүмкіндіктер жатқызылады. **Мүмкіндіктеріне** өңдеуші сала кәсіпорындарының жоғары ғылыми сыйымдылықпен дамуы; университеттер айналасында «инновациялық белдеулерді» қалыптастыру; жергілікті кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру; жоғары технологиялық салаларға қаржылық және менеджерлік ресурстардың ағымы мен қызығушылығының жоғарылауы жатады.

Қазақстан Республикасында 2009 жылы инновациялық белсенділік деңгейі 4% -ды құраса, 2013 жылы 8%-ды құраған. Яғни соңғы 5 жылда екі есеге артқан. Ал облыстар бойынша инновациялық белсенділік деңгейі әрқилы қалыптасқан. Облыстар бойынша инновациялық белсенділік деңгейі бойынша жоғарғы көрсеткіштерге 2013 жылы Қызылорда облысы 12%, Қостанай облысы 11,8%, Солтүстік Қазақстан облысы 10,9%, Жамбыл облысы 10,2 % ие болған. Ең төменгі көрсеткіштер Батыс өңірлерінде: Маңғыстау облысында 2,4%, Батыс Қазақстан облысында 5,3%, Атырау облысында 5,1% тіркелген.

Бүкіл әлемде инновациялық даму кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілікті тұрақты түрде ұстап тұру мен жоғарылату қажеттілігімен байланысты. Сонымен бірге инновацияларды қолдану кәсіпорындарға нарықта тиімді бәсекеге түсуге, жаңа тұтынушыларды тартуға, қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі едәуір көлемде кәсіпорынның технологиялық деңгейіне тәуелді. Инновациялық дамуда маңызды орынды шағын бизнес алуы қажет. Қазіргі таңда Қазақстанда жас шағын бизнес иелері өте көп. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей шағын инновациялық бизнес өте жылдам өседі және салыстырмалы аз инвестицияларды қажет етеді. Дамыған елдерде шағын кәсіпорындар барлық инновациялардың жартысын қамтамасыз етеді. Шығынның бір бірлігіне инновациялар саны шағын фирмаларда орташа фирмаларға қарағанда 4 есеге жоғары, ал ірілерге қарағанда 24 есеге жоғары.

Мемлекетіміз жастардың инновацияға деген жаңашылдығын ынталандырып отыруы қажет. Осыған байланысты мемлекет инновациялық қызметті дамытудың

арнайы ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін қалыптастыруы қажет. Ол келесідей қағидаттарға сүйенуі қажет: инновациялық үдерістің жас қатысушыларына салықтық жеңілдіктер мен ынталандырудың күшті жүйесінің болуы; инновациялық үдерісте нарық пен мемлекеттің бірін бірі толықтырушы ретінде қатысуы; инновациялық тәуекелдерді бизнес пен мемлекеттің арасында бөлу; инновациялық белсенділікті мемлекеттік қолдаудың орталықсыздандырылған каналдарын қолдану; даму институттары қызметінің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету.

Қазақстанның статистика агенттігі алдағы уақытта Қазақстанның инновациялық даму көрсеткішін мониторингтеуді жүзеге асырады. Қазір елде «Қазақстан 2030» даму стратегиясының екінші кезеңі басталды. Ел үкіметі алдына экономиканы жаңарту мен оның инновациялық дамуын қамтамасыз ету мақсаты қойылған. Бұл бағытта «Өнімділік-2020», «Инвестор-2020» бағдарламалары жүзеге асырылуда. «Өнімділіктің арттырылуы экономикалық өсімнің маңызды факторы болып саналады, онсыз елдің инновациялық дамуы мүмкін емес. Бұл бағытта инновациялық ғылым мен технология көрсеткіштерін мониторингтеу басымдылыққа ие». Қазақстан экономикасының инновациялық белсендігі мен бизнестің бәсекеге қабілеттілігі 2015-2016 жылдарға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингісін көтерді. Сонымен, бұл рейтинг бойынша Қазақстан 50-ші орыннан 42-ші орынға көтерілді. бұл бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингісіне қатысудың бүкіл тарихындағы Қазақстанның ең үздік нәтижесі.

Әлемдік дамыған елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде әлемдік экономикалық дамудың жаңа үлгісі пайда болғанын көрсетеді, оның негізінде – адам капиталы мен инновация ең қымбат ресурс болып есептеледі. Дамыған елдердің табиғи ресурстары бар болғаны 5%-ақ құрайды, 18% - өндірістік капитал, ал негізгі - 77% білім мен табиғи қорларды тиімді басқара білу құрайды, бұл дегеніміз дамыған елдерде негізгі басымдылық – адами зияткерлік әлеуетіне берілетіндігін көрсетеді. Әлемдік инновациялық дамудың технологиялық ядросына енетін мемлекеттер (АҚШ, Жапония, Германия, Англия, Франция), сондай-ақ инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу органдарын, қаржыландыру, салықтық, несиелік жүйелерде, экономикадан тыс қызметте жеңілдіктерді, инновациялық қызметті ғылыми-методикалық және ақпараттық қамсыздандыруды қолдау формаларын, кооперацияларды реттеу және шығарылатын тауарлардың бәсеке қабілеттігін жоғарылатуды қарастырады.

Евро Одақ инновациялық қызметті жүзеге асыруға көп көңіл бөледі. Оның инновациялық саясатының негізгі бағыттарына келесілер жатады:

- бірегей монополияға қарсы заңнаманы шығару;
- құралдың жедел амортизация жүйесін қолдану;
- ғылыми-тәжірибелік, конструкторлық зерттеулер саласына жеңілдетілген салық салу;
- шағын ғылыми сиымды бизнеске көмек беру;
- жаңа технология облысындағы инновацияға көмек беру үшін ұйымдарды тікелей қаржыландыру;
- ғылыми сиымды өнімдерді шығаратын ұйымдар мен университеттік ғылымның іскерлігін реттеу.

Шағын инновациялық бизнесті мемлекет тарапынан қолдау құқықтық және заңмен қамтамасыз етуден, несиелендіруде жеңілдіктер жүйесін орнатудан, салық салудағы жеңілдіктерден, тікелей бюджеттік қаржыландырудан, ақпараттық — кеңес беруден, маркетингпен және мамандармен қамтамасыз етуден тұрады. Біздің көзқарасымыз бойынша инновациялық істі дамыту саласында үлкен жетістіктерге ие болған дамыған мемлекеттердегі тәжірибелерге сүйеніп, олар жиі қолданатын шараларға назар аудару керек. Шет елдік тәжірибеден өз экономикасымызға аларымыз мол. Өнеркәсібі дамыған елдердің мемлекеттік инновациялық саясаты инновациялық процестерді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған және академиялық ғылым мен өндіріс мәселелері арасындағы байланыстырушы тарап болып табылады.

Шет мемлекеттерде ғылыми-техникалық зерттеу жұмыстарымен айналысатын шағын және орта кәсіпорындарды мемлекеттік реттеу және ынталандыру тәсілдерін талқылай келе, дамыған елдерде қолданылатын мұндай шаралардың түрлерін Қазақстан Республикасының даму ерекшеліктеріне және қазіргі жағдайға сәйкес қолдану орынды болады деген қорытындыға келдік. Аталған орталықты құру үшін маңызды қаражаттар бөлінді, бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 18 инновациялық-технологиялық орталық құрылды, мұның саны келер жылдары екі есе өсті. Бүгінгі күнде Ресейде 40 мыңға жуық шағын инновациялық кәсіпорындар жұмыс істейді. Ресей территориясында 70-ке жуық технологиялық парктер және 40 инновациялық-технологиялық орталықтар бар, олардың мақсаты-бәсекелестік қабілеті жоғары, ғылымды көп қажет ететін өнімді зерттеп шығару. Көптеген дамыған және жаңа индустриалды елдерге қарағанда Ресейде ғылыми зерттеулерді қаржыландыратын жалғыз ғана қайнар көз — бюджет болып табылады, оның үлесіне осы мақсаттағы шығындардың жартысынан көбі түседі. Алайда, жалпы бюджеттік шығындар көлеміндегі зерттеулер мен жұмыстарға кететін шығындардың үлесі белгіленген деңгеден екі есе қысқарған. Отандық бизнес ғылымға мемлекеттен гөрі 3 есе кем қаражат бөледі және шығындары бойынша аздап сыртқы тапсырыс жасаушылардан алға шығады.

Қорытындылай келе Елбасы Н.Ә. Назарбаев биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдауында айтқандай инновациялар ғана еңбек өнімділігінің шұғыл артуына жеткізеді. Тәуекелдерді өз мойнына алуға жаңа рыноктарды игеруге инновацияларды ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер табын көргіміз келеді. Нақ осы кәсіпкерлер экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші болып табыладындығын баса айтты. Қазіргі уақытта елімізде Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық дамуының тұжырымдамасы жасалуда. Қазақстанның әлемдік дамыған отыз елдің қатарына енуі инновациялық идеяларға сүйене отырып жоспарлануда.

Қолданылған әдебиет:

- 1 Интернет ресурсы: <http://kaz.osh-18kz.ru>
- 2 <http://inform.kz>
- 3 <http://bigox.kz>

УДК 372.8:811.111

ҚАЗАҚСТАН ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Жаканова Айнур Оспаналиевна, Жанузакова Назерке Болатбековна
tungl@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Менеджмент» мамандығының 4 курс студенттері,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Сабирова Р.К.-э.ғ.к., доцент

Жеңіл өнеркәсіп - халық тұтынатын көпшілік қолды заттар, ең алдымен, мата, іш және сырт киімдік трикотаж, шұлық бұйымдарын, аяқ киім, тігін және галантерея бұйымдарын өндіретін салалар мен кәсіпорындар жиынтығы жеңіл өнеркәсіптің негізгі салалары — мақта-мата, зығыр, жүн, жібек, кендір-кенеп, аяқ киім, былғары және аң терісі бұйымдарын өндіретін салалар.

Жеңіл өнеркәсіптің мақсаты- тұрғындардың әдемі, ең бастысы тиімді - жоғары сапалы киіммен қамтамасыз ету. Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің жақсы шикізат базалары бар: мақта, жүн, табиғи былғары. Дегенмен, ол экономикадағы "шешімін таппаған" сала болып есептеледі.